

## **№13 Дәріс. Жаңа заман кезеңіндегі саяси философияның қалыптасу және дамуы.**

**Дәрістің мақсаты:** Жаңа заман кезеңіндегі саяси философияның қалыптасуы мен дамуын сонымен қатар саяси философия және саяси ғылымдардың өзара байланысын ашып терең терең түсіндіруге негізделген.

### **Дәріс жоспары**

1. Жаңа заман кезеңіндегі саяси философияның даму ерекшеліктері.
2. XVII-XVIIIғғ саяси философияның негізгі бағыттары.
3. Жаңа заман кезеңіндегі саяси ойлар.

Саяси философия және саяси ғылымдардың негізгі сапалы өзгерістері орта ғасырлардан жаңа заманға өтуімен байланысты. XV-XVIғғ. жаңа әлем тарихы мен тағдырының маңызды аспектілі этаптары болды. Дәл осы уақытта атақты әлеуметтік, ұлттық-мемлекеттік, саяси, дүниекөзқарастық және өзге де алға жылжулар мен өзгерістер болып, олар өз кезегінде капитализмнің пайда болуы мен дамуына әсер еткен және оның феодализмнің орнына орнығуына әкеліп соқты. Бұл өзгерістер жаңа жүйелік дүниетанымның (Weltanschauung) қалыптасуы мен бекуіне салдарлы болып, адам, қоғам, мемлекет, олардың мәні мен арақатынастары туралы түсініктерді қайта жаңғыртқан, төңкеріс жасаған болатын. Оның негіздерін батыс христиан ілімі, ренессансты және реформациялық мәдени және интеллектуалдық дәстүрлер, ағартушылық және онымен қатынасты әлеуметтік-философиялық және қоғамдық-саяси ілімдер құрады.

Еске салар болсақ, Европа үшін XV мыңжылдық, бұл кітап басудың шығуы, сағаттардың таралуы мен университеттердің қалыптасуының, өнердің дамуының, алғашқы орындарға европалық адамның фаустық сұрақтарды иемденген факторларының бірі, табиғатты өз иелігіне бағындыру қызығушылықтары шықты. XV ғасыр - бұл Эразм Роттердамскийдің, Н.Макиавеллидің, Н.Коперниктің және басқалардың, яғни қазіргі заманғы европалық дүниетанымның негіздері болып саналатын адам және азамат жөніндегі революцияшыл идеялардың, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет туралы көзқарастардың негізін салған ғасыр.

Бұл жүйе өзінің қалыптасуында өзіне әртүрлі және әртекті, былай қарағанда сәйкес емес элементтерді қойды, олар: орта ғасырдың аяғы мен жаңа заманда қайта қаралған антика және ортағасырлық республиканизм идеяларының ғылыми жетістіктері, саналы құқықтың, рационализмнің, laissez faire, нарықтық қатынастардың принциптері және басқалары. Бұл жерде анықтамалық мәнге ие болғандар, бір жағынан атомистік және механикалық түсініктердің әлем және қоғам туралы белгілері, екіншіден ньютондық әлем картинасының нақтыланған заңдары мен заңдылықтары жөніндегілері себеп-салдарлы детерминациялар және өзгелері. Аталмыш контексте европалық ойлау тарихында Декарттың құбылыстық болмысы

ерекше. Оған табиғаттың және жаратылыстану процесстерінің математикалық және механикалық заңдылықтарға бағынышты ғана бола алады деген идеялардың жүйелерінің және заңдастыруының көріністері тән. Ол әлемді үлкен машина ретінде, ол жануарлар әлемін автоматтар түрінде қарастырды (*animala sunt automata*). Табиғат *res extensa*, яғни тартылысты. Одан адам баласы бірден өзгеше, ол *res cogitans*, яғни ойланушы. Өз кезегінде, табиғат машина ұқсап бөлшекті болғандықтан, ол оның заңдылықтарын білетінге бағынады, яғни адамға. Декарт және оның ізбасарлары табиғатты іс-әрекетпен жеңу керек деп талап етті. Бұл талқылауларды әр жақты сфераларда Галилей, Кеплер, Бэкон және басқалары жүргізді; ал Ньютон бұны аяқтады.

Бұл дәстүрдің басты мазмұны - идеалды мен материалдының, субъекті мен объектінің бір-бірінен бөлінуі еді. Сол себепті, табиғатты объектілеудің бастамасы басталып, оның бөлшектенуі мен ғылыми зерттелуі, рационалды методтары қолданыла бастады. Әлеуметтік әлем, ғарыштық табиғи ретінде детерминациялы сағаттық механизм тұрғысынан бейнеленіп, оны белсенділікті түсінуге тырысқан адамның, олардың арақатынысындағы барлық элементтер мен қатынастардың анализдік, қабілеттік мүмкіндіктеріне сүйенгенінің көрінісі болды.

Осылай келе, адамдар, қоғам мен мемлекет қатынастарының жаңалы, сапалы қырлары бекітіліп, легитимдендірілді. Бұл мәселенің әлеуметтік-философиялық және саяси-идеялы аспектілері әдебиетімізде жеткілікті деңгейде қарастырылған. Аталмыш мәселеде мынаны негізге алған жөн, прогресс идеясының концепциялы модернизациясын ұсынғандай болған, Ағартушылық дәуірде әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың жинақтылығы қабылданған болатын. Модернизация идеясы мен оған сәйкес прогресс түсінігі шүбәсіз және қайтарылмайтын феномен ретінде бастапқыда еуроцентристік өркениетте, кейін келе қазіргі әлем үлгісінде танылған еді.

Мына маңыздылығын қарасақ, қарастырылатын негіздік көзқарас жағынан алғанда, Жаңа заман адамзаттық социум тұтастығының азаматтық қоғам мен саяси әлемнің өзіндік сапалығы қалыптасуының негіздемелерінде болса да, адам өмірі әрекетінің өзара байланыстылығы аясында түсіндіріліп отырылады. Бұл феномендер туралы жаңа замандық түсінікте тек тұлға мен азаматтық қоғам мүшесі ретіндегі толық қабылдануы болғанда ғана айта аламыз. Демек, адамның өзіндік ерекше қызығушылықтарын иемденуі, қоғамның талаптары мен оның алдындағы моральды немесе басқа жауапкершіліктер құндылықтарына сәйкес келмей жатқанмен, өз әрекетіндегі маңыздылықты сезіне алуы болды. Батыс өркениетінің азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетке дейінгі жолы өте қайшылықты және ұзаққа созылған әлеуметтік, саяси және идеологиялық коллизиялармен танылып, өзіне кең масштабты саяси революцияларды қамтыды. Бұл процесс тек экономикалық, әлеуметтік және саяси ғана болмады, сонымен бірге әлеуметтік-мәдени, рухани және моральдық-этикалық трансформацияда болды.

Аумақты әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени өзгерістер Жаңа заман барысында қоғам жүйесіндегі жылжылуларға, сонымен қатар бұл жүйелердегі жекелеген адамның орны мен әртүрлі әлеуметтік топтардың өзгеруіне алып келді. Өмірдің күшті де толықынысты, қоғамдық-саяси авангардты сахнасына ие болған жаңа әлеуметтік күштер, дәстүрдің жалпылықты және біртектілікті бұғауын бұза шықты. Бұл процесстер индивидуалды бостандық идеясының қалыптасуымен, тұлғаның алынған өзіндік құндылығымен әр адамның өмірге, бостандыққа және өзіндік іске асырушылығына қараған айыпталмайтын, туа біткен қалыптасуларымен байланыста болды. Экономикалық жүйенің орталық институты болып нарықтық, ал оның негізгі принциптері – индивидуализм, еркін бәсекелестік және тәуелсіз кәсіпкерлік. Нарықтық экономикадағы адамдардың материалды игіліктері, оның күнделікті өмірлік және экономика кеңістігіндегі жетістіктерімен тығыз қатыста болып, қалыптасқан және мәңгілікті әлеуметтік нормалардан болмас. Қоғамда өмір сүру дегеніміз – ол нарықтық қатыныстарға қатысып, одан материалды пайда өндіруде деген экономикалық адамның идеалды принциптері қалыптасты. Дамып отырған буржуаның көз алдындағы меншігі құқықты адамның айыпталмайтын табиғилығы ретінде қабылданып, оған деген өзінің заңды тіршілігінің бар болуындай қарады. Жеке меншігінен айырылған адам, бостандығын да жоғалтады, сол себепті адамдардың меншіктілігін сақтайтын, гарант болатын билік формасы ғана әділетті болмақ.

Бұл принциптер келісім-шартты және меншікті қатынастардың жаңа формадағы қалыптасуына мен институционалды негіздемелеріне алғышартты орнатты. Жекелеген адамның құқықтық статусы қоғамның әлеуметтік-экономикалық, конфессионалды, мәдени деңгейлерінен бөлініп, бір жағынан жекешіл адам мен азаматқа айналып шыға келуіне алып келді. Жаңа дәуірдің ойшылдары қорытындысында, тұлғаны аша отырып, соған сәйкес адам мен қоғам, адам, қоғам және мемлекет араларындағы мәңгі сәйкес келе бермеушіліктердің фактілерін саналы түрде қабылдады. Аталмыш өзгерістер индивидтің жекелеген мүмкіндіктеріне жол ашуына, өзіндік инициативті және жеткілікті еркін интеллектуалды дамуына, оның тәуелсіздігі мен өзіндік қалыбының бекітілуіне, тапқырлығына, өзгермелігіне, мақсатқа жетудегі талабына, практикалық пен дәлділіктің қалыптасуына, авантюризм рухы мен басқаларының негізделуіне, міне осылардың барлығы табиғатты игерудегі адамдардың кең ауқымды мүмкіндіктер тудыруына алып келді. Бұлар нақтылы мағынасында рухани және интеллектуалды летаргияға түсіп кеткен көлемді тұрғындар армиясын тоқыраулықтан оятқандай еді.

Жаңа дәуірдің ойшылдары шешімдеріне қарасақ, қоғам дегеніміз – автономды және индивидтердің өзіндік қалыптастырушылық мүмкіндіктерінен жүйеленетін механизм болса, ал тарихтың мәнділігі ескілікті, тиранды структураларды прогрессивті эмансипациялау көзқарасында болмақ. Бастапқыда Т.Гоббс, Дж.Локк, Ж.Ж.Руссо, Ш.Л.Монтескье және басқаларының азды-көпті аяқталған формаларда болған

теорияларынан бастау алған, ал шын мәнісінде істің революциялық трактовкасы адам жөніндегі, қоғам мен мемлекеттегі жалпы қабылданған түсініктерді төңкеріп, феодалды жүйенің корпаративті және иерархиялық структурасының бұзлуына әкелді. Жария салынып, яғни адам – бірде-біреуінің көмегінсіз өз мақсаттары мен қызығушылығын іске асыра алатын, өзіндік қалыптасатын және еркін индивид делінді. Ол өзі білер, басқаларың, соның ішінде мемлекетті қоспағанда, оған керектінің қайсысы жақсы, қайсысы жаман екендікті болатынын. Соған қаралас, жекелеген индивидтің өзіндік іс-әрекетінің қалыптасушылығының бірі іспеттес, ақылдың еркіндікті маңыздылығы да ұсынылды. Енді қоғамға қатыстылығын алсақ, оны бір-бірінен қызығушылығы мен мақсаттары жөнінен, оған жетудің таңдау жолдары мен жетістіктерінің критерийлері жағынан қарап, әрбіреуінің мақсатқа және қызығушылыққа қатысты таңдау арнасына айналды. «Өткеннің өліарасы» дәстүрлері, ескірген қоғамдың-саяси институттары, діни схоластика және оны қолдаушы феодалдық мемлекеттер, бұлардың барлығы негізгі деген қоғамдық-тарихи прогресстегі жеке еркіндік мәселесін бөгеушілер болды. Басқа сөзбен айтсақ, бостандықты түсіну адамдардың мүмкіндіктері мен әрекеттерін, олардың қажеттіліктерінің сыртқы тежеуші күштердің әсерінде болмайтындығы қырынан таңылды.

Бұдан – мемлекеттің демистификациялық қажеттілігі мен әрекетсіздік қыры король билігінің құдайлық құқық идеясынан арылуына, католиктік шіркеудің ашық кейпінің көрсетіліп, оның басты көрінісі феодалдық режимді сынауында болды. 1649 жылы 30 қаңтарда Карл I Стюарттың ағылшын буржуазиялық революциясы барысында өлтірілуі корольдік биліктің құдайлық бастама идеясына өлшеусіз соққы жасады. Аталмыш факті, корольдің халық санасында Құдайдың жердегі өкілі ретіндегі белгісін қарапайым адам дәрежесінде қатар қойып берді. Көрсетілген аргументтердің қатарына, ХҮІІІғ. соңындағы Ұлы Француз революциясы уақытында Людовик ХҮ тақтан тайдырылуы мен өлім жазасына кесілуін қосармыз.

Жаңа замандағы қоғамдық-саяси ойдың негізгі мазмұны мен магистральды бағытының дамулары болып, мемлекет идеясының жалпы және ұлттық мемлекеттердің жекелеген құрылымдарының қалыптасу алғышарттары болды. Бұл процесстердегі рухани бастама болып Реформация танылып, ол өз кезегінде ұлт, ұлттық идея және европалық халықтардың ұлттық, болмыстық, өзіндік саналарының қалыптасуымен сәйкес келді. Католик шіркеуінің барлық елдердегі әмбебаптығы мен бір образдылығына қарсы шыға отырып, алғашқы протестанттар *cujus regio, ejus religio* принциптерін алғаш ұсынып, оған сәйкес әрбір мемлекет немесе халық өздерінің сенімділік формасы сұрағында тәуелсіз болуы қажет деді. Папа (католиктік) уақыт өте келе зайырлы билік қатынасындағы корольға деген ықпалдылығын түсіріп, тек италяндық билеушілердің бірі болып қалды. *cujus regio, ejus religio* принциптерінің іске асырылуы, кейін герман князьдері мен басқа да европалық монархтар қолдауының арқасында, римдік-католиктік шіркеудің «секулярлы қол» түсінігі тұрғысындағы Қасиетті Рим империясының лигитимділігін төмендетіп, түсіріп тастады.

Қорытындысында Батыс христиандығының сенімділік принципі бірлігінің ақырына алып келген Реформация, Еуропаның Оңтүстік-Солтүстік осі бойынша бөлінуін көрсетіп: Оңтүстік Еуропа римдік католицизм ұстанымында, ал Солтүстігі протестанттық болып қалыптасты.

Әртүрлі ағымдар мен демонацияға бөлінген Протестантизм, римдік католиктік шіркеулік жүйе есебінде қалыптаса алмады. Т.Парсонс жазғандай, «мұндай фрагментация – тұрақсыз интеграциялық абсолюттік режимдер мен ұлттық шіркеулердің» негіздемелеріне сүйенген тәуелсіз, территориалды монархиялардың одан әрі дамуына алып келді. Ол сонымен қатар, Англия мен Голландияда тез дами отырған ішкі діни плюрализмнің негіздемесін иеленді<sup>1</sup>. Рухани ашылу тек католиктік шіркеу әрекетімен ғана жалғасады деген католиктік постулатты алып тастаған Реформация, католик шіркеуінің сенуші мен Құдай арасындағы байланыстырушылық ролінің тамырына балта шапты. Жаратушының шексіз беделін шіркеу және дәстүр жолының беделіне қарсы қою арқылы, Құдай алдындағы мен құдайылық ақиқатты танушылардың теңдік идеясын жақтаудың коллективті тәжірибеден тыс қабылдауы басталған еді. М.Лютер, және онан кейінгі Ж.Кальвин мен протестантизмнің негізін қалаушы өкілдері ортағасырлық универсализмнің тек рухани емес, осы дүниелік терістеуінің қазығын қалап берді. Лютерлік «сенушілердің барлық қасиеттілігін» іске асырушылық революцияшыл доктринасы бойынша, әрбір құдайға сенушінің сенім идеясы өз қажеттілігі саналып, сенім әрекетінде шіркеулік демонацияны таңдау еркіндігі қаралды. Христиандық әртүрлі ағымдардың догматтан арылу, демифологиялықтан және секуляризация процестерінің аяқталып қалуынан, оның тұлға мен азамат құқықтарының негізгі қалаушыларының бірі ар екендігі идеясының қалыптасуына алып келді. Сондықтан діннің мемлекеттен бөлінуі жалпылықта емес, әртүрлілікте көрініс тапты. Ол нәтижесінде саяси жалпылықтан жеке қажеттіліктер аясына, мемлекеттен азаматтық қоғамға, ашық құқықтар көлемінен жеке құқықтар ауқымына ауысты. Шын мәнісінде, рухани билікке деген зайырлы биліктің үстемдігін қарастыратын эрастиандық принципі қайта орнады. Бұл қатынастары жағынан алғанда, протестантизмнің әртүрлі бағыттары көптеген елдер үшін ұлттық идеологияның өзіндік формасына айналды. Новгородцев П.И. жазғандай, уақыт өте келе Жаңа заман ойшылдарының көз алдында «мемлекет – өнегелік өмір» негіздері болып діннің өзі мемлекеттілік тұрғысынан бағаланады... Тағы да осы дүниелік, зайырлы, саяси әлемдер дәріптеліп, оның алдында шіркеуліктің аясы екінші планға» ауысады<sup>2</sup>.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Смирнов Б.А. Политическая сфера общества. М., 2010
2. Поздняков Э.А. Философия политики. М.,2014
3. Дугин А.Г. Философия политики М., 2012
4. Анджей Шахай, Марек Якубовски. Философия политики. М.,2011
5. Гаджиев К.С. Политическая философия. М.,2009

6. Панарин А.С. Философия политики М.,2008
7. Пернацкий В.И. Философия политики и права. Учебное пособие.М.,2012
8. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи Вып.1 Алматы:Ун-т "Кайнар",1995
9. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-XXвека.Алматы: Ғылым,2001
- 10.Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы, 2005-2008
- 11.Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: оқулық / Дж. Реале, Д. Антисери ; ред. Т. Х. Ғабитов. – Алматы., 2012.
12. Мырзалы С.Философия– Алматы, 2008.
13. Хасанов М. Петрова В.Джамбаева Б. Философия. А.,2014ж
14. Татьяна Хвостовицкая. Philosophy and Politics / Философия и политика. М.,2009
15. Гуторов В.А. Философия политики за рубежом тысячелетий : судьба классической традиций. Полис. 2001
16. Василенко И.А. Политическая философия. М.,2004. 204-с
17. Гобозов И.А. Философия политики. 1998. - 154 с
18. Каспэ С. Политическая форма и политическое зло. 2016. — 216 с